

"Табиғи монополияларды реттеу саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 362 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 13 маусымдағы № 215 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 26 маусымда № 17120 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 5 маусымдағы № 47 бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 05.06.2020 № 47 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен..

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Табиғи монополияларды реттеу саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 362 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11214 болып тіркелген, 2015 жылғы 22 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 7-2) тармақшамен толықтырылсын:

"7-2) осы бұйрыққа 7-2-қосымшаға сәйкес "Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды бекіту" мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттері бекітілсін.";

осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес 7-2-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде қағаз және электрондық түрдегі оның көшірмесін "Республикалық құқықтық

ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі*

Т. Сүлейменов

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 13 маусымдағы
№ 215 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 27 сәуірдегі
№ 362 бұйрығына
7-2-қосымша

"Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды бекіту" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды бекітуді (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Министрліктің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің аумақтық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 245 бұйрығымен бекітілген "Табиғи

монополияларды реттеу саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (бұдан әрі – Стандарт) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11019 тіркелген) сәйкес жүзеге асырады.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды бекіту туралы бұйрық немесе табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды бекітуден бас тарту туралы бұйрық.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастау үшін көрсетілетін қызметті алушының Стандарттың 9-тармағында көзделген мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті өтінішті немесе өзге де құжаттарды алуы негіз болып табылады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны:

1-іс-қимыл – көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі қызметкерінің Стандарттың 9-тармағында көзделген көрсетілетін қызметті алушының өтінімін және құжаттарды қабылдауы және тіркеуі – орындалу ұзақтығы 15 (он бес) минут;

2-іс-қимыл – көрсетілетін қызметті алушының өтінімін көрсетілетін қызметті берушінің басшысының қарауы және көрсетілетін қызметті беруші басшысының орынбасарына қарауға беруі – орындалу ұзақтығы 1 (бір) сағат;

3-іс-қимыл – көрсетілетін қызметті алушының өтінімін көрсетілетін қызметті берушінің басшысының орынбасарының қарауы және көрсетілетін қызметті берушінің бөлім басшысына орындауға беруі – орындалу ұзақтығы 1 (бір) сағат;

4-іс-қимыл – көрсетілетін қызметті алушының өтінімін көрсетілетін қызметті берушінің бөлім басшысының қарауы және көрсетілетін қызметті берушінің

бөлімнің лауазымды тұлғасына орындауға беруі – орындалу ұзақтығы 1 (бір) сағат;

5-іс-қимыл – мемлекеттік қызметті көрсетуге жауапты көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды тұлғасының көрсетілетін қызметті алушының өтінімін есептеу аспаптарының болуына немесе болмауына қарай жылу энергиясымен жабдықтау бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерге сараланған тарифтерді тарифтер деңгейін өзгертпестен бекітуге өтінімдерді және тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды оңайлатылған тәртіппен бекітуге өтінімдерді қарау жағдайларын қоспағанда, оған ұсынылған материалдардың толықтығы мәніне қарауы – орындалу ұзақтығы 5 (бес) күнтізбелік күнінен аспайды;

6-іс-қимыл – көрсетілетін қызметті берушінің бөлімнің лауазымды тұлғасының көрсетілетін қызметті алушының атына өтінімді қарауға қабылдау немесе оны қараудан дәлелді бас тарту туралы хабарлама хатты жасауы және көрсетілетін қызметті берушінің бөлім басшысына, басшының орынбасарына келісуге және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға жіберуі – орындалу ұзақтығы 3 (үш) сағат;

7-іс-қимыл – көрсетілетін қызметті беруші кеңсесі қызметкерінің өтінімді қарауға қабылдау немесе оны қараудан дәлелді бас тарту туралы қол қойылған хабарлама хатты тіркеуі және жіберуі (беруі) – орындалу ұзақтығы 1 (бір) сағат;

8-іс-қимыл – мемлекеттік қызметті көрсетуге жауапты көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды тұлғасының өтінімді қарауы, оны қарауға қабылдаудан дәлелді бас тарту болмаған жағдайда – орындалу мерзімі өтінімді қараған кезде:

тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін), инвестициялық тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және оларға тарифтік сметаларды, оның ішінде сараланған тарифтерді бекітуге – күнтізбелік 50 (елу) күн ішінде;

тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды төтенше реттеуші шара ретінде бекітуге – күнтізбелік 5 (бес) күннен аспайтын мерзімде;

есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар санының азаюына байланысты, көрсетілген қызметтер көлемі өзгерген кезде, есептеу аспаптарының болуына немесе болмауына қарай жылу энергиясымен жабдықтау бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерге сараланған тарифтерді, оның ішінде тарифтер деңгейін өзгертпестен бекітуге – күнтізбелік 20 (жиырма) күннен асырмай;

тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды оңайлатылған тәртіппен бекітуге – күнтізбелік 30 (отыз) күннен асырмай;

қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілері тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды бекітуге – күнтізбелік 25 (жиырма бес) күннен асырмай;

қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілері төтенше реттеуші шара ретінде тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды бекітуге – күнтізбелік 5 (бес) күннен асырмай;

9-іс-қимыл – көрсетілетін қызметті берушінің бөлімнің лауазымды тұлғасының табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарды) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды бекіту туралы бұйрықтың немесе табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарды) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды бекітуден бас тарту туралы бұйрықтың жобасын жасауы – орындалу ұзақтығы 1 (бір) сағат;

10-іс-қимыл – көрсетілетін қызметті берушінің бөлім басшысы орынбасарының, бөлім басшысының бұйрықтың жобасына қол қоюы – орындалу ұзақтығы 1 (бір) сағат;

11-іс-қимыл – көрсетілетін қызметті берушінің басшысының бұйрықтың жобасына қол қоюы – орындалу ұзақтығы 1 (бір) сағат;

12-іс-қимыл – көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкерінің табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарды) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды бекіту туралы бұйрықтың немесе табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарды) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды бекітуден бас тарту туралы бұйрықтың көшірмелерін тіркеуі және жіберуі (беруі) – орындалу ұзақтығы 1 (бір) сағат.

6. Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастауға негіз болатын мемлекеттік қызмет көрсету рәсімінің (іс-қимылдың) нәтижесі:

- 1) кіріс нөмірі бар тіркелген өтінім;
- 2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы танысқан және салған қарар;
- 3) көрсетілетін қызметті берушінің басшының орынбасары танысқан және салған қарар;

- 4) көрсетілетін қызметті берушінің бөлім басшысы танысқан және салынған қарар және бөлімнің лауазымды тұлғасына ұсынылған материалдардың толықтығы мәніне қарауға беру;

- 5) мемлекеттік қызметті көрсетуге жауапты көрсетілетін қызметті берушінің бөлімнің лауазымды тұлғасының көрсетілетін қызметті алушы ұсынған материалдарды олардың толықтығы мәніне қарауы;

6) көрсетілетін қызметті берушінің бөлім басшысы, басшының орынбасары келіскен және басшы қол қойған өтінімді қарауға қабылдау немесе қарауға қабылдаудан дәлелді бас тарту туралы хабарлама хат;

7) көрсетілетін қызметті алушының өтінімді қарауға қабылдау немесе оны қарауға қабылдаудан дәлелді бас тарту туралы тіркелген хабарлама хатты алғандығы туралы қолы немесе пошта байланысы арқылы жіберілгені туралы белгі;

8) мемлекеттік қызметті көрсетуге жауапты көрсетілетін қызметті берушінің бөлімнің лауазымды тұлғасы қараған көрсетілетін қызметті алушының өтінімі;

9) табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарды) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды бекіту туралы бұйрықтың немесе табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарды) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды бекітуден бас тарту туралы бұйрықтың жобасы;

10) көрсетілетін қызметті берушінің басшы орынбасары, бөлім басшысы келіскен бұйрық жобасы;

11) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы қол қойған бұйрық;

12) көрсетілетін қызметті алушының табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарды) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды бекіту туралы бұйрықтың немесе табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарды) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды бекітуден бас тарту туралы бұйрықтың көшірмесін алғандығы туралы қолы немесе пошта байланысы арқылы жіберілгені туралы белгі.

3-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылы тәртібін сипаттау

7. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің қызметкері;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

3) көрсетілетін қызметті беруші басшысының орынбасары;


4) көрсетілетін қызметті берушіні бөлім басшысы;

5) мемлекеттік қызметті көрсетуге жауапты көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды тұлғасы.

8. Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестер анықтамалығы осы Регламентке қосымшада келтірілген.

"Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды бекіту" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне қосымша

Мемлекеттік корпорация арқылы мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестер анықтамалығы



	- құрылымдық-функционалдық бірлік (ҚБЕ): көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің), халыққа қызмет көрсету орталықтарының, «Е-лицензиялау» веб-порталының өзара іс-қимылдары;
	- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;
	- көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) ҚФБ атауы;
	- таңдау нұсқасы;
	- келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.

